



**Облыс педагогтарының арасындағы  
«IT-Ūstaz 2022» облыстық  
конкурсын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын және «Нұр Отан» партиясының «Балаларға арналған тегін IT-сыныптар» бастамашылық жобасын іске асыру шеңберінде облыс педагогтарына арналған жоғары технологиялық білім беру ортасын құру бойынша «IT-Ūstaz 2022» облыстық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу шарттарын айқындайды.

1.2. Конкурс ұйымдастырушысы: ШҚО ББ «Шығыс Қазақстан өңірлік білімдегі жаңа технологиялар орталығы» КММ.

1.3. Осы Ереже Конкурсқа қатысуға үміткер барлық тұлғаларға танысу үшін беріледі. Осы Ереже және Конкурс туралы толық ақпарат <https://vkrqcnto.edu.kz> ресми веб-сайтының «Іс-шаралар мен конкурстар» бөлімінде ұсынылған.

**2. Конкурстың мәні, мақсаттары мен міндеттері**

2.1. Конкурстың мәні педагогтардың үздік жобаларын анықтау және іріктеу болып табылады. Ол келесілерді қамтуы керек:

- ғылыми-техникалық шығармашылық бойынша білім алушылармен жұмыс жасаудың үздік педагогикалық технологиялары мен әдістемелері;
- оқушыларды инженерлік мамандықтарда өзін-өзі анықтауға бағыттау мақсатында жоғары технологиялық ортаны пайдалану туралы идеялар.

2.2. Конкурс мақсаты:

- оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығының перспективалық бағыттарын әзірлеу саласында орта білім беру ұйымдары мен жеке педагог қызметкерлердің инновациялық әлеуетін анықтау;

- педагогтарды, технологиялық проблемалардың кең ауқымын шешуге бағытталған инновациялық идеялардың авторларын анықтау және қолдау, ғылыми-техникалық шығармашылықты дамыту үшін озық идеяларды енгізу;

- педагогтардың цифрлық ойлауын қалыптастыру, IT-бағыттарды енгізу режимінде жұмыс істейтін мұғалімдердің қызығушылығы мен белсенділігін арттыру;

- жоғары технологиялық білім беру IT-ортасын құру бойынша педагог қызметкерлерді бірлескен кәсіби қызметке тарту.

### 2.3. Конкурс міндеттері:

- IT-бағыттар мен оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығы бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру;

- балаларға қосымша білім берудің техникалық бағытын насихаттау;

- педагогикалық ұжымда қолайлы инновациялық IT-ортаны құру, кәсіби қызметтің стереотиптерін жеңу.

## 3. Конкурстың бағыты

### 3.1. 3D модельдеу бағыты

Осы бағыт бойынша қатысушылар әзірленген оқу материалдарының жинағын цифрлық форматта ұсынады: объектілердің үш өлшемді модельдерін жасау, көлемді объектілерді модельдеу бойынша зерттеу жұмыстарын, мектеп оқушыларының 3D-модельдеу үшін пайдаланылатын бағдарламаларда модельдеу және жұмыс істеу дағдыларын меңгеру үшін объектілердің көрнекі көлемді бейнелерінің әзірлемелерін, қосымша парақтармен жұмыс, 3D-кеңістікте жылжу жұмыстарын ұсынады.

Оқушылардың зерттеу, жобалау қызметі мен ғылыми-техникалық шығармашылығын қамтитын модельдеу, құрылымдау саласында инновациялық білім беру ортасын құру құпталады.

### 3.2. Бағдарламалау бағыты

Осы бағыт бойынша Конкурс қатысушылары визуалды бағдарламалау, мобильді қосымшаларды құру және оқу модулін немесе курсты анимациялық сүйемелдеу бойынша it-сыныптарға арналған цифрлық форматтағы зертханалық жұмыстар жинағын ұсынады.

### 3.3. Робототехника бағыты.

Осы бағыт бойынша Конкурс қатысушылары пәнаралық интеграцияны қолдана отырып әзірлеген робототехника бойынша зертханалық жұмыстар жинағын цифрлық форматта ұсынады.

Барлық бағыттар бойынша конкурстық жұмыстар оқыту тілінде теориялық, практикалық мазмұнда жазылып, демо-сүйемелдеуді, оқушылардың біліктілігін бағалау критерийлерін, зертханалық жұмыстарды жүргізу ұсынымдарын, бақылау-өлшеу материалдарын қамтуы тиіс.

#### **4. Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар**

4.1. Конкурсқа өз пәнін оқытуда IT-дағдыларды іске асыратын жалпы білім беру пәндерінің педагогтары, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы жас мамандар (жұмыс өтілі шектеусіз) қатыса алады.

4.2. Конкурс шарттары бойынша конкурстық материалдар пакеті ұсынылуы тиіс, оған өтінім мен конкурстық жұмыс енеді.

#### **5. Конкурсты өткізу шарттары**

5.1. Конкурс 2022 жылғы 14 ақпаннан 20 сәуірге дейін сырттай өткізіледі.

Материалдардың тақырыптары шектелмейді, бірақ материалдар білім беру сипатына ие болуы керек және жалпыға бірдей танылған ғылыми фактілерге, этикалық нормалар мен ҚР заңнамасына қайшы келмеуі керек.

5.2. Конкурстық әзірлемелер авторлық, яғни тікелей конкурсқа қатысушы әзірлеген болуы тиіс.

5.3. Конкурстық өтінімдерді 2022 жылғы 21-26 сәуір аралығында қарау;

5.4. Өтінімдерді қабылдау өңірлік білімдегі жаңа технологиялар орталығының <https://vkrgcnto.edu.kz> ресми веб-сайты немесе [konkurs2017\\_vko@mail.ru](mailto:konkurs2017_vko@mail.ru) электрондық поштасы арқылы қабылданады.

5.5. Конкурстың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды жариялау 9-ші аймақаралық «New Generation» фестивалінде өтеді.

5.6. Конкурс нәтижесі ШҚО білім басқармасының, ШҚО ББ ӨБЖТО сайтында және [www.bilimvkoportal.kz](http://www.bilimvkoportal.kz) білім беру порталында жарияланады.

#### **6. Ұйымдастырушылық-техникалық талаптар**

6.1. Жұмыстың демо-сүйемелдеуін Power Point немесе ActivInspire бағдарламасында жасау ұсынылады, онда төмендегілер көрсетілу керек:

6.1.1. Тұжырымдамасы;

- 6.1.2. Конкурстық жұмыстың өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығы;
- 6.1.3. Қолдану саласы (әдістемелер, педагогикалық технологиялар және т.б.);
- 6.1.4. Конкурстық жұмыстың мақсаты мен міндеттері;
- 6.1.5. Іске асыру жоспары;
- 6.1.6. Күтілетін нәтижелер;
- 6.1.7. Нәтижеліліктің көрсеткіштері мен индикаторлары;
- 6.1.8. Әдістемелік сүйемелдеу;
- 6.1.9. Бақылау-өлшеу материалдары (тест, квест, викторина, сөзжұмбақ және т.б.).

6.2. Конкурстық сынақ сырттай жүргізіледі;

6.3. Авторлық мультимедиялық жобаларды кез келген бағдарламалық құралдармен, соның ішінде ActivInspire бағдарламасымен орындауға болады, ол келесі талаптарға сәйкес ұсынылуы керек:

6.3.1. Бейне пішімі мен ұлғаюы – AVI, WMV, MPG, MOV, MKV, FLV, MP4, анимация – SWF, EXE, презентациялар – PPT, PPTX, PPS, PPSX, PDF, WEB-жоба; бейне көлемі – 1 Гб-тан артық емес, презентация – 15 Мб, 3D жобалар – 1 Гб;

6.3.2. Windows стандартында жоқ қаріптерді жұмыста пайдаланған жағдайда, бұл қаріптер қосымша ұсынылуы тиіс.

## **7. Конкурстың ұйымдастыру комитеті**

7.1. Конкурсты ұйымдастыру комитеті:

7.1.1. Конкурста жалпы басшылық етеді;

7.1.2. Конкурстың сараптамалық кеңесін (қазылар алқасын) құрады және оған жетекшілік етеді;

7.1.3. Жобаларды бағалау критерийлерін келіседі;

7.1.4. Конкурстың ұйымдастыру-әдістемелік сүйемелдеу жұмысын жүзеге асырады;

7.1.5. Конкурс нәтижелерін бекітеді, конкурс жобаларының авторларын көтермелеу туралы ұсыныстарды келісу жұмысын жүзеге асырады.

Ғылыми дәрежесі, атағы бар тәуелсіз мамандар, білім беру, ғылыми ұйымдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметкерлері, қоғамдық ұйымдар мен бизнестің өкілдері конкурс сарапшылары болады.

## 8. Конкурс қорытындыларын шығару тәртібі

8.1. Конкурс жеңімпаздарын анықтау 2022 жылғы 26 сәуірге дейін жүзеге асырылады. Әр бағыт бойынша Конкурс жеңімпаздарының санын Ұйымдастыру комитеті бекітеді. Жобалары (идеялары, технологиялары) сараптамалық кеңестің ең жоғары жиынтық бағасын алған педагог қызметкерлерге жүлделі орындар беріледі. Конкурстың жеңімпаздары мен номинанттары 9-ші облыстық «New Generation» фестиваліне қатысады. Жеңімпаздар дипломдармен, сертификаттармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталады.

8.2. Ұйымдастыру комитеті мен сараптамалық кеңес жобаларды дайындау және көпшілік алдында таныстыру кезінде жоғары нәтижелер көрсеткен қатысушыларды көтермелеу үшін конкурсқа қосымша номинациялар енгізуге құқылы, сондай-ақ үздік жұмыстар ШҚО білім басқармасының білім беру порталының «Конкурстар» бөлімінде жарияланатын болады.

Директордың орынбасары

Инновациялық жобаларды  
енгізу бөлімінің жетекшісі



Ж. Сагандыкова



Р. Азангулова

«IT-Ūstaz 2022» конкурсына қатысуға  
өтінім

1. Конкурстық жұмыстың авторы (аты-жөні)

---

2. Конкурстық жұмыстың аты

---

3. Конкурстық жұмыстың қысқаша сипаттамасы (үш сөйлемнен артық емес)

---

4. Білім беру ұйымы (аты, мекенжайы)

---

5. Жұмысқа сілтеме (Mail.ru онлайн мәліметтерді сақтау қоймасы, Google Диск,  
Яндекс Диск)

---

6. Лауазымы

---

7. Конкурс қатысушысының байланыс ақпараты (телефон, e-mail)

---